

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 және 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1363 Қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада :

13 "Басқалар" деген функционалдық топта:

694 "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы" деген әкімші бойынша:

008 "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының объектілерін салу және қайта жаңарту" деген бағдарламадағы:

"Алматы қаласында Стратегиялық зерттеулер институтын, Офісі мен Қорын салу" деген жолдағы "200000" деген сандар "382416" деген сандармен ауыстырылсын;

"Алматы қаласындағы N 5 объектіні қайта жаңарту 165690" деген жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы объектілерін салуға ЖСҚ әзірлеу" деген жолдағы "306360" деген сандар "221847" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасын салу 67787";

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 426-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "және "Алматы қаласындағы N 5 объект." деген сөздер алынып тасталсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде 5) тармақшадағы "заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын, "Алматы қаласындағы Стратегиялық зерттеулер институтын, офисі мен қорының құрылысы бойынша" деген сөздерден кейін "(2004 ж. 14.06. N 7-253/2004 жұмыс жобасы бойынша Мемсараптаманың қорытындысы);" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының құрылысы бойынша (ҚР ИСМ ҚІК 2003 ж. 4.06. N 205 ПИР бұйрығы)";

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақта: мемлекеттік тілдегі мәтінде "Парламентінің жатақханасы және" деген сөздер "Парламентінің жатақханасының," деген сөздермен ауыстырылсын, "жатақханасының," деген сөзден кейін "Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының құрылысын аяқтау" деген сөздермен толықтырылсын;

"Алматы қаласындағы Стратегиялық зерттеулер институтын, Офисі мен Қорының құрылысын аяқтау." деген сөздер "Алматы қаласындағы Стратегиялық зерттеулер институтын, Офисі мен Қорын салу;" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі